



“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА
2008


“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

Әшімбаев М.С., кеңес төрағасы
Асқаров Ә.А., жауапты хатшы
Абдрахманов С.
Аяған Б.Ғ.
Әбусейітова М.Қ.
Әжіғали С.Е.
Әлімбай Н.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Биекенов К.Ү.
Бұрханов К.Н.
Досжан А.Д.
Ертісбаев Е.Қ.
Есім Ғ.
Қасқабасов С.А.
Қошанов А.
Нысанбаев Ә.Н.
Салғара Қ.
Самашев З.
Сариева Р.Х.
Сейдімбек А.С.
Сұлтанов Қ.С.
Тұяқбаев Қ.Қ.
Түймебаев Ж.Қ.
Хұсайынов К.Ш.
Шаймерденов Е.

Лев Николаевич
ТОЛСТОЙ

СОҒЫС ЖӘНЕ БЕЙБІТШІЛІК

I том



әлем әдебиеті кітапханасы

Аударма

ББК82(2Рос-Каз)7-44
Т.55

**“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы
көркем әдебиет секциясының мүшелері:**

Кекілбаев Әбіш (серияны құрастырушы), Абдрахманов Сауытбек
(*төраға*), Әбдіков Төлен, Асқаров Әлібек, Бельгер Герольд,
Елеукенов Шерияздан, Нұрғали Рымғали, Нұрпейісов Әбдіжәміл,
Михайлов Валерий, Мұртаза Шерхан, Мырза Әли Қадыр,
Оразалин Нұрлан, Сүлейменов Олжас, Тарази Әкім,
Шапай Тұрсынжан, Юсупов Кеңес.

*Орыс тілінен аударған **Жангалин Мұхтар**
Арнайы редакторы **Төлен Әбдік***

Т55 **Толстой Л.Н.** Соғыс және бейбітшілік. *Роман*. Т.1. (1-2 кітап).
Астана: Аударма, 2008. – 792 бет.

ISBN 9965-18-248-5

Т 4702010201– 247-7
00 (05)– 08

ББК 82(2Рос-Каз)7-44

ISBN 9965-18-248-5 (Т-1)
ISBN 9965-18-247-7

© Қазмемкөркемәдеббас, 1963
© “Аударма” баспасы, 2008

Лев Николаевич ТОЛСТОЙ

СОҒЫС ЖӘНЕ БЕЙБІТШІЛІК

БІРІНШІ БӨЛІМ

I

— Eh bien, mon prince. Gênes et Lucques ne sont plus que des apanages, des поместья, de la famille Buonaparte. Non, je vous préviens, que si vous ne me dites pas que nous avons la guerre, si vous vous permettez encore de pallier toutes les infamies, toutes les atrocités de cet Antichrist (ma parole, j'y crois) — je ne vous connais plus, vous n'êtes plus mon ami, vous n'êtes plus менің адал құлым, comme vous dites. Жә, сәләматсыз ба, сәләматсыз ба. Je vois que je vous fais peur², отырыңыз, сөйлеңіз кәне.

Императрица Марья Федоровнаның жақын адамы әрі фрейлинасы* атақты Анна Павловна Шерер өзінің кешіне ең алдымен келген дәрежелі де шенді князь Василийді қарсы алып жатып 1805 жылғы, шілдеде осылай деп еді. Анна Павловна бірнеше күннен бері жөтеліп жүр, өз айтуынша, науқасы грипп (грипп ол заманда ілуде біреу айтатын жаңа сөз болатын). Қызыл малай арқылы таңертең меймандарға таратылған хаттардың бәрінде де өзгеріссіз былай деп жазылған-ды.

“Si vous n'avez rien de mieux à faire, M. Le comte (mon prince), et si la perspective de passer la soirée chez une pauvre malade ne vous effraye pas trop, je serai charmée de vous voir chez moi entre 7 et 10 heures. Annette Scherer”³.

¹Уа, князь, Генуя* мен Лукка* ғой енді Бонапарттар* ұрпағының жеріне айналды. Жоқ, есіңізде болсын, егер сіз арамызда соғыс жүріп жатқанын енді де бекер деуші болсаңыз, мына дінсіздің (мен оны расында да дінсіз деп білем) сұрқиялығы мен сұмдығына енді де ара тұрар болсаңыз — мұнан әрі жүзіңізді көрмеймін, достықтан кетісеміз, адал құлыңмын деуіңіз де бекер онда.

²Қорқытып жібердім-ау деймін сізді.

Жұлдызшамен көрсетілген сөздер кітаптың соңындағы сөздікте түсіндірілген.

³“Егер, граф (немесе князь), уақытыңызды қызығырақ етіп өткізем деген басқа бір ойыңыз болмаса, мендей дімкәс пақырдың кешінде болу сізді онша шошындырмаса, бүгін сағат жеті мен оның арасында үйімде дидарыңызды көруге ынтықпын. Анна Шерер”.

Үстіне сарай адамдары киетін мундир, аяғына шұлық, башмақ киген, омырауына жұлдыздарын таққан князь Василий Анна Павловнаның әлгі сөзге еш қысылмастан кірген бойда, жалпақ жүзі жайраң қағып:

— Dieu, quelle virulente sortie!¹ — деді.

Князь да әлгі сөзін ата-бабаларымыз сөйлемек түгілі, ойларын да ойлаған биязы француз тілінде зиялы қауым мен сарайы-төңірегінде қартайған мәртебелі адамға тән қамқор да жұмсақ бір үнмен айтып еді. Князь Василий Анна Павловнаның жанына барды да, әтір иісі аңқыған жалтыр басын иіп, қолынан сүйді, сосын диванға ақырын отыра кетті.

— Avant tout dites-moi, comment vous allez, chère amie?² Көңілімді жұбатыңызшы, — деді князь әлгі бір жұмсақ үнін өзгертпей; бұ кісінің сыпайыгершілігі мен ізет тілігінің сыртында немқұрайды көңілі, ол тұрсын тіпті әжуасы да сезіліп тұрды.

— Жаның азап көріп жатқанда саламаттық қайдан келеді? Көкірегінде сезімі бар адам бұл заманда өзін тынышпын дей ала ма? — деді Анна Павловна.— Бүгінгі кеште бастан аяқ осында боларсыз деп ойлаймын?

— Ағылшын елшісінің мейрамы ше? Бүгін сәрсенбі ғой! Төбе көрсетіп шықпауға болмас,— деді князь. — Қызым жолай соғып, мені де ала кетпекші.

— Ол мейрамды осы жолы болмас деп ойлап ем. Je vous avoue que toutes ces fêtes et tous ces feux d'artifice commencent à devenir insipides³.

—Бұл ойыңызды білгенде, мейрамды, болдырмас та еді-ау— деді, князь сағат жүрісіндей қалыптасқан үйреншікті әдетімен, бірақ үй иесі осыған илана қояды екен деп өзі де ойлаған жоқ.

— Ne me tourmentez pas. Eh bien, qu'a-t-on décidé par rapport à la dépêche de Novosilzoff? Vous savez tout⁴.

— Қалай деп айтсам екен? — деді князь, салқын, самарқау үнмен.— Qu'a-t-on décidé? On a décidé que Buonaparte a brûlé ses vaisseaux, et je crois que nous sommes en train de brûler les nôtres⁵.

¹ — Апыр-ау, бастырмалатып барасыз ғой тіпті!

² — Алдымен өз саламаттығыңызды айтыңызшы, сүйікті достым.

³ — Расында осы сауық-сайран, фейерверк дегендер тіпті ерсі боп барады.

⁴ — Қойыңызшы тәлкекті. Онан да, әлгі Новосильцевтің депешасы жайында қандай тоқтамға келдіңіздер? Соны айтыңызшы, сізге бәрі де аян ғой.

⁵ — Қандай тоқтамға дейсіз ғой? Наполеон қайтпасқа бекіп, ат құйрығын. біржола кесіскен екен деп тоқтастық, ал енді біз де соған әзір тәріздіміз.

Ылғи бір рольді ойнай беріп мезі болған актерше, князь Василий әрдайым еріншек сөйлейтін. Қайта, жасы қырыққа келсе де, Анна Павловна Шерер жайрандап, серпіліп отыратын.

Өзінің қоғамдық дәрежесі оны өз ортасында үнемі әңгіме-дүкенге бастаушы болуға мәжбүр етіп, кейде, тіпті іштей ықыласы соға қоймаса да, өзін білетіндердің ойынан шығу үшін-ақ елпілдеп, алға түсіп отырады. Анна Павловнаның жүзінен әр кезде байқалатын болар-болмас күлкінің ізі жасамыс ажарына жараспаса да, ерке боп өскен балаша, со бір сүйкімді мінін өзі де сезіп тұрғанын көрсетеді, әйткенмен сол мінінен арыла алмайды, арылғысы да келмейді.

Саяси қарекеттер жайындағы әңгіменің орта тұсында Анна Павловна шешіле, қыза сөйледі:

– Қойыңызшы, естімегенім Австрия* болсын! Мен түк те түсінбеуім мүмкін, бірақ Австрия соғысам деп ойлаған емес, соғыспақ та емес ешқашан. Ол бізді сатып отыр. Еуропаны сақтайтын бір ғана Ресей болуға тиіс. Панагөйіміз өз борышын, ұлы борышын біледі және соны адалымен орындайды. Өз басым осыған ғана сенем. Бұл дүниеде ең ұлы міндет біздің мейірбанды патша ағзанға жүктеліп отыр ғой, сондайлық рақымды, абзал пендесін тәңірім ұмыт қалдырар деймісің; әсіресе мына жендеттің тұсында сұмдық боп бара жатқан революция аждаһасының көзін жою борышын біздің патша ағзам орындайды. Шейіт қанын ақтаушы өзіміз ғана боламыз. Айтыңызшы, кәне, кімге ғана сенерсің? Есептен басқаны білмейтін саудагер Англия император Александрдың бойындағы асыл қасиеттерді түсінбейді, түсіне де алмайды. Мальтаны* әскерінен тазартудан бас тартты ғой. Біздің қимыл-әрекетіміздің ар жағында не бар деп, тіміскілеп соны іздейді ол. Новосильцевке не деді олар?.. Ештеңе деген жоқ. Жеке басының қамын ұмытып, бейбітшілік жолына бәрін қиып отырған біздің императорды түсінбеді, түсінер түрі де жоқ. Уәдесі болды ма берген? Жоқ, түк уәде берген жоқ. Берген уәдесінен де ештеңе шығар емес! Бонапарт жеңдірмейді, оған бүкіл Еуропа қарсы тұрып ештеңе істей алмайды деп, Пруссия* қазірдің өзінде жариялап отыр емес пе... Сондықтан Гарденбергтің болсын, Гаутвицтің* болсын бірде-бір сөзіне иланбаймын. Cette fameuse neutralité prussienne, se n'est qu'un piège¹. Өзім бір ғана жаратушыға, қалды, сүйікті императорымыздың тәңірі жазған ұлы тағдырына сенем. Еуропаны

¹Пруссияның осы жексұрын бейтараптығы – бізге құрылған қақпан ғой тек.

сақтап қалатын сол...— Осыны айтты да, Анна Павловна өзінің қыза сөйлегенін өзі келемеж қылғандай, күлімсіреп, кілт тоқтады.

— Меніңше, — деді князь жымып, — біздің сүйікті Винцингероденің* орнына өзіңізді жіберсе Пруссия королінің келісімін ықтиярсыз тартып алар едіңіз-ау. Өте шешен сөйлейсіз. Сіз маған шай бересіз бе?

— Қазір. Айтқандай, — деді Анна Павловна, тағы да сабырлы қалпына көшіп, — бүгін біздікінде екі тамаша адам болады, *le vicomte de Mortemart, il est allié aux Montmorency par les Rohans*¹, Франциядағы асыл тектердің бірі. Қазіргі эмигранттардың ішіндегі бір тәуірі, ең абзалы. Сосын бірі *l'abbé Morio*², өте ақылды адам, білетін боларсыз? Бұ кісіні патша ағзамның өзі қабылдаған. Білуші ме едіңіз?

— Солай ма?! Ынтызармын танысуға, — деді князь.— Айтыңызшы, — деді тағы, әлдене есіне түсіп, соны әлдеқалай айта салған кісіше. Ал шынында осы үйге келген мақсатының өзі осы еді, — айтыңызшы, *l'impératrice-mère*³ барон Функені Венаға бірінші хатшы етеді екен деген рас па? *C'est un pauvre sire, ce baron, à ce qu'il paraît*⁴. — Императрица Марья Федоровна арқылы барон Функеге әперілмекші болған бұл орынға князь Василий өз баласын қоймақшы еді.

Анна Павловна көзін жұма түсіп сол арқылы қолайлы да жағымды нәрсенің бәріне императрицаның көңіліне өзінің де, басқалардың да шүбә келтіруге хақысы жоқ дегенді білдіргендей болды.

— *Monsieur le baron de Funke a été recommandé à l'impératrice-mère par sa soeur*⁵, — деді Анна Павловна, мұңлы, салқын пішінде. Императрицаны ауызға алғанда Анна Павловнаның жүзінде әрі шын беріліп, құрмет тұтқан, әрі мұндана қалған кейіп пайда болды; әңгіме арасында өзінің күдіретті қамқоршысы сөз болғанда бұ кісінің әрдайым сөйтетін әдеті. Барон Функеге ұлы мәртебелінің *beaucoup d'estime*⁶, — көрсеткенін айтты да, тағы да мұңая түсті.

Князь селқос күйде үнсіз қалды. Императрицаға ұсынылған кісіге шек келтіргені үшін Анна Павловна сарай маңындағыларына әйел адамға тән қағылез де шапшаң әдеппен князьдің бетін

¹ Айтқандай, — виконт Мортемар,* бұл өзі Роганов арқылы Монмарансиге туыс боп шығады.

² Аббат Морио.

³ Үлкен императрица.

⁴ Менің байқауымша бароныңыз әшейін—ақ кісі тәрізді.

⁵ — Барон Функені үлкен императрицаға өз сіңлісі ұсыныпты ғой.

⁶ Көп құрмет.

қайтарып тастап, сонымен бірге князьді дереу басқа сөзбен алдарқата қойғысы да келді.

— Mais à propos de votre famille¹, — деді Анна Павловна — білемісіз қызыңыз көпшілік арасында көріне бастағалы fait les délices de tout le monde. On la trouve belle comme le jour².

Князь ырзалықпен басын иді.

— Осы мен, — деді Анна Павловна, бірер минут үндемей тұрып, саяси да, қауымдық әңгіме де осымен бітеді, енді достық сырлар басталады деген кісіше, князьға жақындап, мейірімдене күле сөйлеп, — дүниеде бақыттың кейде әділетсіз бөлінуі неліктен екен дегенді көп ойлаймын. Тағдыр сізге екі бірдей тамаша баланы (Анатолийді, кенжеңізді айтып тұрғам жоқ, ұнатпаймын оныңызды, — деп қасын бір керіп, осы бір сөзді шүбәсіз нәрседей қыстыра кетті), — сондайлық тамаша балаларды не үшін берді? Ал өзіңіз осы екеуін тіпті қадірлемейсіз, сондықтан да өз басыңыз соларға татымайсыз.

Осыдан кейін, өзінің мерейлене күлімдейтін әдетіне басып, езу тартты.

— Que voulez-vous? Lafater aurait dit que je n'ai pas la bosse de la paternité³, — деді князь.

— Қойыңызшы әзілді. Шындап сөйлескелі отырмын. Біле білсеңіз, кенже ұлыңызға наразымын. Өзара айтқанда (Анна Павловна тағы да мұңая қалды), ол туралы императрицаның алдында да сөз болды сізді аяйды...

Князь жауап қатпады, бірақ Анна Павловна үндемей, князьға қадала қарап жауабын күтіп еді. Князь Василий қабағын шытты.

— Қайтейін енді? — деді бір кезде. — Өзіңіз де білесіз, осылардың тәрбиесін ойлап әкеден келер амалдың бәрін істеп бақтым емес пе, сөйтсе де екеуі бірдей des imbéciles⁴ боп шықты ғой. Ипполит, бір тәуірі, ақымақ та болса момын, ал Анатолий мазасыз ақымақ болды. Айырмасы сол ғана, — деді ол әдеттегіден көтеріңкі әрі жасанды бір түрмен күліп, және осы кезде бет-аузы бүрісіп, аяқ астынан ұнамсыз, дөрекі бір кескін пайда бола қалды.

— Сіздей адамдардан балалар несіне туады екен? Әке болмасаңыз, сізге қояр ешбір кінәм болмас та еді, — деді де, Анна Павловна ойлы жүзбен көзін көтере қарады.

¹ — Айтқандай, сіздің балалар жайында.

² Бүкіл қауымның гүлі боп жүр ғой. Бар жұрт аузының суы құрып мақтайды.

³ — Не істерсіз? Мен туралы Лафатер* мұның басында әкелік махаббаттың бүршігі жоқ дер еді-ау.

⁴ Мәжнүн.

– Адал құлыңызбын, *Je suis votre, et à vous seule je puis l'avouer*¹. Балаларым – *ce sont les entraves de mon existence*². Тағдырдың маған деген жазасы шығар. Осылай деп ұғам өз басым. *Que voulez-vous?*..³ – деп, ол өзінің қатал тағдырына мойынсұнғандай бір түрмен кілт тоқтады. Анна Павловна ойланып қалды.

– Жолдан тайған балаңыз Анатольті үйлендірсем деген ой ғой сізде мүлде болған жоқ. Кәрі қыз, *ont la manie des mariages*⁴ деседі жұрт, – деді Анна Павловна. – Сол бір әдет өзімде де бар екен деп ойламаймын, бірақ ойымда жүрген бір қыз бар, әкесінің қолында бақытсыз боп отыр, ол өзі бізге туыс, княжна Болконская. – Князь Василий зиялы қауым адамдарына тән ұғымтал аңғарғыштықпен мына жайтты назарына алғанын басын игендей бір қимылмен білдіргені болмаса, жауап қата қоймады.

– Біле білсеңіз, бір сол Анатольтің жылына маған түсер шығыны қырық мың, – деді князь, ауыр ойларын айтпасына болмай қалғандай. Осыны айтып тағы да үндемей қалды.

– Бұл бетімен кете берсе, енді тағы бес жылда не болмақ? *Voilà l'avantage d'être père*⁵. Әлгі княжнаңыздың дәулеті қалай еді?

– Әкесі өте дәулетті, сөйтсе де сараң-ақ. Деревняда тұрады. Ол әлгі марқұм императордың тұсында-ақ қызметтен босатылып, “Пруссия королі” деп аталған белгілі князь Болконский. Өте ақылды, бірақ қыңыр, мінезі қиын адам. *La pauvre petite est malheureuse comme les pierres*⁶. Ағасы бар, жуырда әлгі Лиза Мейнеге үйленді, онысы Кутузовтың * адъютанты *. Бүгін өзі осында болады.

– *Ecoutez, chère Annette*⁷, – деді князь, дереу Анна Павловнаның қолын ұстап, және оны неге екені белгісіз төмен қарай басып. *Arrangez-moi cette affaire et je suis votre*⁸. Шыққан тегі де жақсы екен, бай екен. Іздегенім де сол еді ғой.

Ол өзіне тән емін-еркін кербез қимылмен фрейлинаның қолынан сүйді де, креслоға жантайған күйі жан-жағына қарап, фрейлинаның қолын бұлғақтатып жоғары көтерді.

– *Attendez*⁹, – деді Анна Павловна, тағы бірдеңе ойына түсіп. – Лизамен (Болконскийдің келіншегімен) күні бүгін сөйлесем. Мүмкін, сәті түсіп те қалар. Әні сөйтіп, кәрі қыздың кәсібіне де үйрене бастайыншы, – деді.

¹ Өзіңізге ғана айтар сырым.

² Балаларым – мойныма байланған ауыр тас болды ғой.

³ Амалы нешік?

⁴ Әманда біреуді үйлендіре қоюға жаны құмар болады.

⁵ Әке болудың пайдасы осы екен-дағы.

⁶ Сорлы қыздың көрген күнін атамаңыз.

⁷ –Тыңдаңызшы сүйікті Анет.

⁸ Осы шаруаны маған жасап беріңізші, мәңгі бақи адал құлыңыз болайын.

⁹– Тоқтаңызшы!

II

Анна Павловнаның мейманханасы бірте-бірте тола бастады. Петербургтің өңкей ығай мен сығайлары келді, олар жас шамасы, мінез-құлықтары жағынан әрқилы болғанымен, бәрі бір қауымның адамдары еді; ағылшын елшісінің үйіндегі мерекеге әкесін ерте кету үшін князь Василийдің қызы Элен сұлу да келді. Элен балға киер киімдерін кие шыққан екен. Бұлардың ішінде *la femme la plus séduisante de Pétersbourg*¹, белгілі кішкене княгиня Болконская да бар; княгиня Болконская өткен қыста ерге шығып, екіқабат болған соң үлкен қауымдарға барудан тартынса да, кішігірім сауық кештерге барып тұрушы еді. Князь Василийдің баласы князь Ипполит өзімен бірге Мортемарды ала келіп таныстырды; аббат Морио, тағы басқа көп адамдар жиналды.

Меймандар жинала бастағанда көрші бөлмеден майпаң басып шыққан шағын жалпақ бант байлаған денелі кемпірді меймандарына таныстыра жатып, Анна Павловна байсалды жүзбен:

– Сіз әлі біздің апайды көрмеп пе едіңіз, – немесе, сіз әлі біздің апаймен таныс емес пе едіңіз? – деп, назарын меймандардан апайына қарай бұрып, шегініп кете береді.

Меймандардың бәрі ешқайсысына таныс емес, ешбіреуіне қызығы да, қажеті де жоқ апаймен сәлемдесу салтын жасауда. Анна Павловна болса әрі мұнды, әрі салтанатты пішінде осы бір жайларды бақылап, үн-түнсіз мақұлдап қояды. Ал енді апайы біріне айтқанын бәріне де бұлжытпай қайталап, жаңа танысының денсаулығын сұрап, өз денсаулығын, императрицаның да саламаттығын айтады, құдайға шүкір, күндегісінен гөрі бүгін тәуір екен о кісі деп тоқтайды. Бұл кісінің жанына барғандар әдеп сақтаса да, кеткілері келіп тұрғандарын білдірмей, бір міндеттен құтылғандарына қуанып, енді қайтып кеш бойы оралмастай, қарт апайдың жанынан жылыстап тайып отырады.

Жас княгиня Болконская алтын зермен кестелеген, ине-жібін салатын масаты қалтасын ала келіпті. Княгиняның майда ғана түк басқан әсем ерні көтеріңкі қысқалау болатын, бірақ осы бір ернінің ашылуы да, кейде төмен қозғалып астыңғы ернімен жымдасуы да сүйкімді-ақ. Шырайлы әйелдерде де болатын осы бір ақау – ернінің әнтек келтелігі, аузының болмашы ашық тұратыны, оның өз бойына ғана біткен өзгеше бір сұлулығы тәрізді. Екіқабат халінде бойын сондай жеңіл ұстайтын, тәні де сау, көңілі де сергек, осы

¹ Петербургтегі ең ләззатты әйел.

бір сүйкімді болашақ ананы көргенде кім болса да жадырап сала береді. Өзімен аз уақыт жүздесіп, тіл қатысқан кәрілер де, іштері пысып, жабырқап отырған жастар да осындай шақтарда өзін осы княгиняға ұқсай қалғандай көреді. Сөйлеген сайын ақ жарқын күлкісін, ақықтай тісін көргендер бүгін өзім осыған ерекше ұнап тұрмын-ау деп қалады. Әрбіреу өзін осылай ойлайды.

Кішкене княгиня масаты қалтасымен теңселе аяғын кібіртіктей тез-тез басып, үстелді айналып өтті де, көйлегінің етегін жөндеп, күміс самауырдың қасындағы диванға отыра кетті; өзіне де, басқаға да бар қылығы қызық сияқты көрінетін секілді.

— J'ai apporté mon ouvrage¹, — деді, ридикюлін аша беріп, отырған жұртқа тегіс қарап.

— Байқаңыз, Annette, ne me jouez pas mauvais tour, — деді үй қожасы Анна Павловнаға. — Vous m'avez écrit, que c'était une toute petite soirée; voyez comme je suis attifée².

Сөйтті де, белінде жалпақ лентасы бар шілтерлі, әсем сұр көйлегін көрсету үшін кеудесінен қолын алды.

— Soyez tranquille, Lise, vous serez toujours la plus jolie³, — деді оған Анна Павловна.

— Vous savez, mon mari m'abandonne, — деді Лиза тағы да әлгі бір үнімен генералға қарап, сонан соң князь Василийге бұрыла беріп: — il va se faire tuer. Dites-moi, pourquoi cette vilaine guerre⁴, — деді де, жауабын күтіп жатпастан князь Василийдің қызы Элен сұлуға қарады.

— Quelle délicieuse personne, que cette petite princesse!⁵ — деді князь Василий жайымен ғана Анна Павловнаға.

Кішкене княгинядан кейін көп ұзамай еңгезердей, толық денелі үстіне сол кездегі сәнмен ақ панталон, қызыл-қоңыр фрак киген, биік жағалы, көзілдірікті бір жас жігіт келіп кірді. Бұл жігіт қазір Москвада хал үстінде жатқан, Екатерина тұсындағы атақты шонжардың бірі граф Безуховтың некесіз әйелінен туған баласы. Өзі әлі еш қызметте жоқ, шетелде тәрбиеленіп, жуырда ғана келіп, қауым ортасына шығып отырғаны да осы. Анна Павловна онымен өз салонындағы ең шені төмен адамдардың бірі ретінде бас иіп

¹ — Кестемді де ала келіп ем.

² — Тәлкек етпеңіз мені, осы кеште шағын ғана кісілер тобы болады деп жазғансыз. Көрдiңiз бе киiнген сияғымды.

³ — Сіз тіпті саспаңыз, Лиза, бәрібір, осында сізден көрікті ешкім болмайды.

⁴ — Білемісіз, ерім мені тастап кетіп барады. Ажалға қарсы барады. Адыра қалғыр соғысы кімге керек, айтыңызшы?

⁵ — Мына кішкене княгиняңыз неткен сүйкімді!

қана амандасты. Амандасу сиқы осылай болғанмен, Пьер кіріп келгенде рабайсыз тым үлкен бірдеңені көргендей үй иесі абыржып, үрейленіп қалды. Отырған еркектерден Пьер шынында да ірі болатын, бірақ жаңағы үрей онан емес, осы үйдегілердің бәрінен ала бөтен көзге түскен Пьердің әрі ақылды, әрі момын кейпінен, табиғи аңдағыш назарынан туған үрей еді.

— *C'est bien aimable à vous, monsieur Pierre, d'être venu voir une pauvre malade*¹,— деді Анна Павловна, Пьерді апайымен таныстыруға әкеле жатып, әрі апайы екеуі біріне-бірі шошына қарап. Пьер бірдеңе деп күбір етті де, алаңдап, көзімен басқа біреуді іздеді. Жақын танысы кішкене княгиняны көре салып қуанып, көңілді шыраймен бас иіп, апайға қарай жақындады. Анна Павловнаның әлгі шошынуы тегін болмады, өйткені императрицаның саламаттығын айтып жатқан апайдың сөзін аяқтатпай, Пьер жылысып кете берді. Анна Павловна шоши түсіп:

— Аббат Морионы білуші ме едіңіз? О кісі бір тамаша адам ғой...— деді, Пьерді сөзбен бөгеп.

— Иә, мәңгі бейбітшілік туралы о кісінің жобасын естігенім бар, аса қызықты жоба, бірақ сол өзі жүзеге аса қояр ма екен?

— Сіз әлі солай деп ойлайсыз ба? — деді оған Анна Павловна; бұ кісі кез келген бір жауабын айта салып, дереу өзінің үй иесілік міндетіне ауыспақшы еді. Бірақ Пьер осы арада тағы бір әдепсіздік жасады. Әлгіде ғана апайдың сөзін аяқтатпай бұрылып кеткен Пьер, енді дәу аяқтарын алшайта, еңкейе түсіп, Анна Павловнаға аббаттың жобасын неліктен бос қиял деп ойлайтынын дәлелдей бастады.

— Оны тағы бірде сөйлесерміз,— деді Анна Павловна күлімсіреп.

Өмірге қыры жоқ осы бір жігіттен босап шығып, Анна Павловна өзінің үй иесілік қызметіне кірісті, әңгімесі бәсеңсіген жерді дереу демеп жіберу үшін құлағын тігіп, қадағалай қарап бәріне де әзір тұрды. Ұршық тоқтап қалғанда, немесе құлаққа жат, тым қатты шиқылын естігенде, дереу жөндеп жібере қою үшін мекемесін дамылсыз кезіп жүретін жіп иіру шеберханасының қожайыны сияқты, Анна Павловна да қонақ бөлмесін кезе жүріп, әңгімесі мүдіріп қалған немесе тым даурыға сөйлеген топқа жақындай барып, бірер ауыз сөз тастап немесе кісілер құрамын алмастыра қойып, сөз машинасының ырғағын өз арнасына салып жіберіп жүрді. Бірақ осы қызметінің үстінде Пьерден өзі қауіптен

¹ — Мен сияқты науқас пақырдың көңілін аулауға келгеніңізді ұнатып қалдым, мосье Пьер.

беретіні байқалды. Пьер Мортемар тобындағы әңгімені тыңдауға барғанда, кейін бұлардан да жырылып, аббат сөйлеп тұрған үйірмеге жақындағанда Анна Павловна бұған сабырсыздана қарады. Шет елде тәрбиеленген Пьердің Ресейде бірінші көріп отырған думан–кеші осы еді. Петербургтің бар интеллигенциясы осында жиналғаны Пьерге мәлім, сондықтан, ойыншық сататын дүкенге кірген балаша, бәріне де қызыға қарайды. Ақылды, тәлімді сөздерден кұр қалып жүрмесем еді деп қорықты. Осындағы жұрттың байсалды, ажарлы жүзіне қарап, өзгеше бір дана сөз есітеді екем деп ойлады. Бір кезде Пьер Морионың жанына барды. Осылардың әңгімесі қызығырақ көрініп, жас адамдарға әдеппен арасында өз пікірін де қыстыра қоятын сәтті күтіп тоқтай қалды.

III

Анна Павловнаның сауық кеші қыза түсті. Мейман біткен бір келкі зырылдап, тынымсыз гуілдей жөнелді. Қасында отырған, екі көзі бұлаудай, ашаң жүзді, мосқал бәйбішеден басқа өз маңында ешкім қалмаған және осы сәнді қауымнан біраз оқшауырақ тұрған апайдан өзгесі үш топқа бөлінді. Еркегі молырақ бір топ аббаттың айналасында; жастар жағы – князь Василийдің қызы княжна Элен сұлудың және жасына қарағанда тым толық көрінген қызыл шырайлы, көрікті кішкене княгиня Болконскаяның маңына жиналыпты. Үшінші топта – Мортемар мен Анна Павловна.

Виконт сүйкімді, жылы жүзді, биязы жігіт; бұл өзін атақты кісі санап, бірақ тәрбие көрген адам болғандықтан осы отырған қауымның өзін қызықтауына мүмкіндік беріп отырғандай көрінді. Тегі осы виконт Анна Павловнаның меймандарына тартып отырған сыйы сияқты. Лас асханада көрсең тәбетің шаппайтын асты әсемдеп тартуға шебер аспазшы сықылды, бүгінгі кеште Анна Павловнаның меймандарға ұсынған айырықша сыбағасы алдымен осы виконт, сонан соң аббат болды. Мортемар тобында герцог Энгийенскийдің* қалай өлтірілгені салған жерден әңгіме бола бастады. Герцог Энгийенский өзінің кек тұтпайтын ақ көңілдігінен өлді және Бонапарттың бұған өшігерліктей айрықша бір себебі де болды деді, – виконт.

– Ah! voyons. Conte¹z–nous cela, vicomte¹, – деді Анна Павловна, қуанып кетіп. – Бәсе, соны айтыңызшы, – деді тағы.

Жарайды деген пішінде виконт сыпайы жымыып, басын иді. Анна Павловна виконттың сыртынан бір айналып шығып, бар мейманды осының әңгімесін тыңдауға шақырды.

¹ – Бәсе, соны айтыңызшы, виконт.

– Le vicomte a été personnellement connu de monseigneur¹, – деп, Анна Павловна сыбыр ете түсті біреуіне. – Le vicomte est un parfait conteur², – деді екінші біреуге. – Comme on voit l’homme de la bonne compagnie³, – деді тағы үшінші біреуіне; сонымен виконт, әсем табаққа салып ыссылай тартылған дәмді астай, меймандарға мейлінше көрнекті, лайықты жағынан таныстырылды.

Виконт жымия күліп, әңгімесін бастай берген кезде:

– Бері келіңіз, сүйікті Элен, – деп Анна Павловна оқшау бір топты бастап отырған сұлу Эленді шақырды.

Князь қызы Элен жымыып күлді; осы үйге келіп кіргендегі шын сұлуға біткен манағы бір күлкісі әлі өзгермей, орнынан тұрды. Балға киген, масатымен әдіптеген ақ көйлегі болар-болмас судырап, жалаңаш иығынан, сүмбіл шашынан, бойындағы гауһар тастардан нұр төгіліп, қақ жарылған еркектердің арасымен өте берді де, ешбіреуіне көз тоқтата қоймағанмен, бәріне де күлімсіреп, сымбатты сұлу бойына, ақ жұмыр білегіне, сол заманғы сәнмен ашық қалдырған төсі мен иығына бәрінің де сүйсініп қарауына мүмкіндік берейінші дегендей, сауық кешке бейне бір сәулесін шашып, Элен Анна Павловнаның жанына барды. Элен сондай көрікті, сондықтан мұнда қылымсып, назданудың нышаны да болмады, қайта, сұлу көркінің сондай ғажап, күмәнсіз әсерінен өзі де қысылатын секілді. Сұлу сәулетінің осы әсерін бәсеңдетуге шамасының жетпей тұрғанына өкініп тұрғандай көрінді.

– Quelle belle personne!⁴ – деді, мұны көргендердің бәрі. Элен виконттың қарсы алдына отыра беріп, әсте бір айнымайтын күлкісінің нұрымен мұны да шарпи өткенде, виконт аса бір ғажап дүниеге таң қалғандай, иығын бір қомдап қойып, еріксіз төмен қарады.

– Madame, je crains pour mes moyens devant un pareil auditoire⁵, – деді виконт күлімсіреп, басын иіп.

Жалаңаш жұмыр білегін кішкене үстелге сүйеді де, княжна Элен осы бір сөзге жауап айтуды қажет таппады. Күлімсіреп, әңгіме күтті. Оқта-текте ғана үстел үстіндегі жұп-жұмыр, әсем білегіне, біресе онан да әсем ашық төсіне көзі түсіп, мойнындағы гауһардан тізген алқасын мезгіл-мезгіл қозғап қойып отырғаны болмаса,

¹ – Виконт герцогтің өзімен таныс адам ғой.

² – Виконт әңгімені тамаша айтады.

³ – Жақсы қауымның адамы екені көрініп-ақ тұр емес пе.

⁴ – Неткен сұлу еді!

⁵ – Мадам, мен мынадай топтың алдында сөз сөйлеуге шынында да жүрексініп отырмын.

әңгіменің басынан аяғына дейін Элен тура қараған бойы қозғалмады; бірнеше рет көйлегінің қыртысын жазып, әңгіменің әсерлі жерінде Анна Павловнаға бұрыла беріп, өзі де соның ажарына қарай бейімделе қойып, тағы бір кезде сәулесін шашып жымия күліп отыратын салмақты, сабырлы жайына ауысты. Эленнен кейін кішкене княгиня да шай үстелінен кетіп, осы топқа қосылды.

— Attendez-moi, je vais prendre mon ouvrage, — деді кішкене княжня. — Voyons, à quoi pensez-vous? — княжня князь Имполитке қарады. — Apportez-moi mon ridicule.¹

Кішкене княгиня бәрімен де сөйлесе, күле жүріп, орындықтарды бірін олай, бірін бұлай дереу алмастыра қойып, жадырай түсіп, көйлегінің етегін шапшаң жөндеп отыра кетті.

— Міне енді дұрыс болды,— деп әңгімені бастай беруін өтініп, кестесіне кірісті.

Князь Имполит ридикюлін әперіп, өзі де креслосын княгиняға жақын жылжытып отырды.

Сұлу қарындасынан князь Имполиттің айнымай қалғандығы, соған қарамай өзінің сүйкімсіздігі де кісі таңырқағандай еді. Мұның да бет әлпеті дәл қарындасынікіндей, бірақ қарындасы әсте бір өзгермейтін жастық сергектіктің, өзіне-өзі дән ырзалықтың нұрын шашып күлімдеп, дене бітімінің сұлулығы таң қалдырып тұрса, Имполиттің кескінінен кешеліктің белгісін, томсырайған менмендікті көресің, дене бітісі шалағай, әрі әлсіз. Аузы, мұрны, көзі — бір уыс боп бүрісіп, қолы мен аяғын қайда қоярын білмегендей, қолапайсыз күйде ұстар еді.

— Ce n'est pas une histoire de revenants?² — деді Имполит, княгиняның жанына отыра беріп, лорнетін* дереу көзіне туралап жатып; осы бір аспабы болмаса ол өзі сөзін де дұрыстап сөйлей алмайтындай көрінді.

— Mais non, mon cher³,— деді виконт таңырқап, иығын бір қомдап қойып.

— C'est que je déteste les histoires de revenants⁴, — деді оған Имполит; айтуын айтса да, осы сөзінің мағынасын өзі артынан барып түсінгені байқалды.

¹Анет, кідіре тұрыңызшы, кестемді ала барайын,— деді кішкене княгиня.— Сізге не болған? Сіз өзіңіз не ойлап отырсыз? — деді княгиня князь Имполитке.— Ридикюліме қол жалғап жіберіңізші.

²Айтып отырғаныңыз аруақтар жайындағы әңгіме емес пе?

³Жоқ тіпті басқа.

⁴Аруақтар десе жаным түршігеді, соны айтам тек.

Өзіне-өзі кәміл сеніп айтқандықтан, мұнысы сонша ақылды сөз бе, әлде нағыз кешелік пе – онысын ешкім аңғармады. Ипполиттің үстіне кигені қара-көк фрак, сұр панталон,* аяғында шұлық, башмақ еді.

Виконт сол заманда жұрт аузында көп айтылып жүрген анекдотты қызықты етіп айтып берді. Әңгіме мазмұны былай еді: герцог Энгиенский көңілдесі актриса Жоржбен кездесу үшін жасырынып Парижге барған жерінде, осы атақты актрисаның екінші көңілдесі Бонапартпен кездеседі. Сол кезде кенет Наполеонның ұстамалы ауруы ұстап, талып қалады. Бірақ нақ осы арада Наполеонға не істеймін десе де ерікті екенін біле тұрып, герцог қолайлы жағдайды пайдалана қоймайды. Міне оның осы кек тұтпайтын ізгі мінезі үшін Бонапарт кейін герцогті өлтіріп, кек алады.

Бұл өзі дәмді ғана, қызықты әңгіме болды, әсіресе, бақас еркектер бірін бірі кенет танып қапты деген жері қызықты боп шықты, әйелдер осы арада қыпылықтап қалғандай болды.

– Не деген тамаша,– деді Анна Павловна, бұған не дейсіз дегендей, княгиняға қарап.

– Иә, қызық екен,– деді кішкене княгиня ақырын ғана; сонан соң, әңгіме қызығы жұмыс істететін емес қой дегендей, инесін кестесіне шанша салды.

Виконт осы үнсіз қошеметке түсініп, ырза боп, жымия күлді де, әңгімеге қайта кірісті; бірақ манағы бір жас жігіттің мінезінен шошып, енді дамылсыз алақтап отырған Анна Павловна оның аббатпен тым орынсыз даурыға сөйлесіп жатқанын көзі шалып қалып, дереу осы бір қатердің алдын алайыншы деген кісіше, жандарына жетіп барды. Шынында да, Пьер аббатпен саяси теңдестік жайында сөзге кірісіп еді, ал аббат осы бір жігіттің ақ жарқын қызулығын қызық көргендей, өзінің жақсы көретін идеясын адал әрі сабақтай түсті. Екеуі де қыза сөйлеп, бірін-бірі ықыласпен тыңдап тұрған-ды. Анна Павловнаға ұнамай қалғаны да осы мінездері болатын.

– Мұның амалы – Еуропада күш теңдестігін сақтау және халыққа теңдік беру,– деді аббат.– Тағылығымен даңқы шыққан Ресей сияқты күшті мемлекеттің бірі Еуропадағы тепе-теңдікті көздейтін одақты риясыз бастап әкетсе болды – әлемді сақтап қалар еді.

Пьер:

– Ондай тепе-теңдікті қайдан таппақсыз? – дей бергенде, Анна Павловна киліге кетіп, Пьерге тіксіне қарады да:– бұл жердің күн

райы жағып жүр ме? – деп сұрады итальяннан. Итальянның жүзі кілт өзгеріп, жәбірленген кісідей аяқ астынан монтия қалды; мұнысы, сірә, ылғи әйел адамға көрсететін мінезі болу керек.

– Осында бағыма қарай кез болған адамдардың, әсіресе әйелдердің ақыл-білімі мен көркіне қайран болғаным сонша күн райын аңғармай да қалыпшын ғой, – деді итальян.

Анна Павловна аббат пен Пьерден енді айырылмады, көзімнен таса болмасын деп, жалпы топқа апарып қосты.

Осы кезде қонақ бөлмеге жаңа біреу келіп кірді. Бұл кірген жас князь Андрей Болконский, кішкене княгиняның ері... Князь Болконский орта бойлы, аса көрікті, бет әлпетінен мінез-құлқы айқын танылып тұратын, ашаң жүзді, жас жігіт. Бүкіл кескін-келбетіне, шаршаған кісідей көңілсіз назарына, бір қалыпты баяу жүрісіне қарасаң, өзінің елгезек кішкене әйелі екеуі тіпті екі басқа адам тәрізді. Осында отырғандардың бәрі бұған көптен таныс, тіпті өзін мезі қылған, сондықтан оларды көруге де, тыңдауға да мүлде зауқы жоқ секілді. Соның ішінде, әсіресе өз әйелінің әсем жүзінен әбден тойып біткендей. Князь Болконский әйеліне кіржие қарап, бұрылып кетті, мұнысы өзінің көрікті жүзіне жараспай тұрды. Сонан соң барып Анна Павловнаның қолын сүйіп, көзін сығырайта қарап, меймандарды түгел бір шолып шықты.

– Vous vous enrôles pour la guerre, mon prince?¹ – деді Анна Павловна.

– Le général Koutouzoff, – деді Болконский, zoff деген соңғы буынды француздарша қадаңқырап, – a bien voulu de moi pour aide-de-camp...²

– Et Lise, votre femme?³

– О кісі деревняға бармақшы.

– Әсем жұбайыңыздың қызығынан бізді айырғаныңыз күнә болмай ма?

– Андре, – деді Лиза, өз еріне де назданып, – виконт бізге мамзель Жорж бен Бонапарт жайында тамаша әңгіме айтты.

Князь Андрей кіржің етіп, теріс бұрылды. Қонақ үйге келіп кіргеннен бері көзін айырмай, сүйсіне, қуана қарап тұрған Пьер князь Андрейдің жанына барып, қолынан ұстады. Князь Андрей алғашында мойын бұрмай, бұ кім өзі деп тыжырынып, жаратпай қалып еді, артынша күлімсіреп тұрған Пьерді көргенде, жайдары жүзбен қуанып жымия күлді.

¹ – Соғысқа кеткелі жатырсыз ба, князь?

² – Генерал Кутузов мені өзіне адъютант етіп алды ғой...

³ – Лиза ше, әйеліңіз ше?

– Бәрекелді... Сен де үлкен қауымда екенсің ғой! – деді Пьерге.

– Осында болатыныңызды білгем, – деді Пьер. – Кешкі тамаққа сізге барам,– деді ақырын ғана, виконттың сөзін бөлмейін деп.– Баруыма бола ма?

– Жок, болмайды, – оның несін сұрайсың дегендей Андрей күліп, өзінің жорта айтып тұрғанын сездіріп Пьердің қолын қысты. Тағы да бірдеңе айтпақ еді, бірақ князь Василий осы кезде қызымен бірге орынынан тұрды, бұларға жол беріп басқа еркектер де түрегелді.

– Кешіріңіз, сүйікті виконт,–деді князь Василий французға тұрмай-ақ қойыңыз дегенді білдіре, өзімсініп жеңінен ұстап, төмен қарай басып қойды. – Елшінің үйіндегі мейрамы құрғыр мұндағы қызығымнан қалдырып, сөзіңізді бөліп жіберді емес пе! Тамаша мәжілісіңізді тастап бара жатқаным өкінем,– деді сонан соң Анна Павловнаға.

Қызы, княжна Элен, көйлегінің бүрмесінен ұстап, орындықтардың ара-арасымен шығып, жымия күлген ажары бұрынғыдан бетер нұр жайнап бара жатты. Өз тұсынан өте бергенде, Пьер бұл сұлудың жүзіне әрі сескене, әрі сүйсіне қарап қалып еді.

– Өте көрікті кісі,– деді князь Андрей.

– Иә, өте,– деді Пьер.

Князь Василий Пьердің тұсынан өтіп бара жатты да, Пьердің қолынан ұстап тұрып, Анна Павловнаға:

– Маған осы бір аюды тәрбиелеп беріңізші,– деді.– Мұның бізде тұрғанына ай болды, ал қауым арасында көріп отырғаным тұңғыш рет. Жас жігітке таптырмайтын нәрсе ақылды әйелдердің тобы ғана ғой!

IV

Анна Павловна езу тартып күлді де, Пьерді қолға алам деп уәдесін берді. Әкесі жағынан Пьер князь Василийге жекжат екенін Анна Павловна білетін-ді. Осы кезге дейін манағы апайдың қасында отырған кексе әйел асығыс түрегеліп, кіреберісте князь Василийді қуып жетті. Оның әлгіде ғана әңгімеге қызыққансып отырған кейпі жым-жылас. Жыламсыраған, жылы шырайлы жүзінен тек абыржып, әрі үрейленіп тұрғаны көрінеді.

– Сонымен біздің Борис жайында не айтасыз, князь? – деді кіреберісте қуып жетіп (Борис дегендегі о дыбысын созыңқырап айтты).– Петербургте ұзақ кідіре алмаймын. Балақайыма не деді деп барам, айтыңызшы.

Егде тартқан бұл әйелді князь Василий елей қоймай, көңілсіз тыңдап, тіпті тез құтылуға асықса да, әйел бұған еркелей, елжірей күліп, кетіп қалмасыншы деп, қолынан да ұстап жібермей тұрды.

— Патша ағзамға бір ауыз сөз айтсаңыз болды ғой, баламды гвардияға ауыстыра қояр еді,— деп жалбарынды әйел.

— Қолдан келерімді аянбаймын, иланыңыз осыған, княгиня,— деді князь Василий,— бірақ патша ағзамға өтініш айтуым қиын; князь Голицын арқылы Румянцевке айтыңыз деп кеңес берер ем: ең дұрысы сол болар еді.

Егде әйелдің аты-жөні княгиня Друбецкая болатын; Россиядағы ең атақты фамилиялардың бірі, бірақ қазір кедей, жоғарғы қауымнан әлдеқашан шығып, ескі қарым-қатынастарын жоғалтқан. Енді жалғыз ұлын гвардияға өткізудің қамымен осында келген. Князь Василийді кездестіру үшін ғана өзі тіленіп Анна Павловнаның кешінде болды, сол үшін ғана виконттың әңгімесін тыңдады. Қазір князь Василийдің әлгі бір сөзінен шошып та қалды. Бір кездердегі сұлу жүзінде ызалы ашудың ізі пайда болды, бірақ мұнысы көпке бармады. Тағы да жүзі күлімдеп, князь Василийдің қолына жабыса түсті.

— Тыңдаңызшы, князь,— деді ол, — бұрын-соңды келмеп едім алдыңызға, мұнан былай да келмеспін, өзіңізбен әкемнің достығын да есіңізге салмап едім. Енді осы бір тұста құдай атымен жалбарынам, балам үшін қарайласыңыз, жарылқаушым еді деп жүрейін,— деді соңғы сөзін асыға қосып.— Кейімеңіз, уәдеңізді беріңіз. Голицынға барып едім, көндіре алмадым. *Soyez le bon enfant que vous avez été*¹,— деп көзі жасаурап тұрса да, күлімсіреп көрінгісі келді.

Есік алдында күтіп тұрған Элен әкесіне:

— Папа, кешігеміз ғой,— деді өзінің антик үлгісіндегі жұп-жұмыр иықтарына жарасқан әсем жүзімен бұрыла қарап.

Бірақ қауым ішіндегі бедел дегеніңіз де — бір байлық, оны сарқып алмас үшін, сақтай білу керек. Князь Василий мұны білетін, сондықтан өтінішпен келгендердің бәрін қолдай берсем, аздан кейін өз қамым үшін өтініш етер жолым тарылып қалар деп, өз қадірін үнемдеп пайдаланып жүретін. Алайда княгиня Друбецкаяның ісіне келгенде, әсіресе, әлгі бір жалбарынудан кейін ар-ұяты қозғалғандай болды. Княгиня шын жайларды есіне түсіріп еді: қызметке алғаш араласқанда осы әйелдің әкесінің көмегі тигенді. Оның үстіне әйелдің бет алысынан оның, бірдеңені ойға алса,

¹Қайырымды болыңызшы, солай едіңіз ғой бір кезде.

жата-жабысып айырылмайтын, ойындағысы болмаса күн сайын, минут сайын мазалап, жылап-сықтап әбігерге салудан да тайсалмайтын әйелдердің бірі екенін байқап тұр. Князьді қобалжытқан да осы соңғысы еді.

— Сүйікті Анна Михайловна,— деді дағдысынша самарқауланьп, әрі өзімсіп сөйлеп,— бұл тілегіңіз қолымнан келмейді десем де өтірік болмас еді, ал енді өзіңізді жақсы көретінімді дәлелдеу үшін, марқұм әкеңіздің аруағы үшін қолдан келмейтін іске барайын: балаңыз гвардияға ауысады, міне қолым. Ырзамысыз осыған?

— Сүйіктім, жарлықаушым! Күткенім де осы еді ғой өзіңізден, мейірбан екеніңізді білетінмін.

Князь Василий енді кетуге айналды.

— Тоқтай тұрыңыз, екі-ақ ауыз сөзім бар. Une fois passé aux gardes...¹ — Анна Михайловна күрмеліңкіреп қалды. — Сіз Михаил Илларионович Кутузовпен жақсы едіңіз ғой, Борисімді со кісіге адъютант етіп ұсыныңызшы. Көңілім сонда жай табар еді, оның ар жағында...

Князь Василий езу тартып күлді.

— Оны істеймін дей алмаймын. Бас командашы болғаннан бері о кісіні мазалаушылар көп екенін білмейсіз ғой. Москвадағы ханымдардың бәрі өз балаларын маған адъютант етуге сөз байласыпты дегенді со кісінің өзі айтып еді маған.

— Жоқ, уәдеңізді беріңіз, жібермеймін әйтпесе, сүйікті камқоршым.

— Папа, кешігіп барамыз,— деді Элен сұлу, тағы да манағы бір үнімен.

— Ал көріскенше қош болыңыз. Асықтырып тұрғанын көрмейсіз бе?

— Сонымен ертең патша ағзамға айтасыз ғой?

— Сөз жоқ, ал Кутузовқа айтам деп сөз бермеймін.

— Жоқ, беріңіз уәдеңізді, Basile²,— деп қалды артымнан Анна Михайловна қылымсып. Бір кезде өзінде табиғи қасиет болса да, қазіргі жүдеу шағына мұнысы онша келіспей тұрды.

Өзінің жас шамасын ұмытып, үйреншікті әдетпен, жасындағы әйелдік амал-айласын түгел жұмсап бақты. Бірақ князь Василий шыққан бойда бұл бәйбішенің бет-әлпеті бәз-баяғы салқын да көлгір пішінге қайта ауысты. Виконттың әңгіме айтып отырған тобына барып, тағы да сөз тыңдаған кісі бола қалды да, енді осы үйден кету орайын күтті, өйткені келген шаруасы бітіп еді.

¹ Бірақ гвардияға көшірген кезде.

² Базиль.

– Ал енді әлгі соңғы комедиясын, du sacre de Milan¹ комедиясын қалай деп табасыз? – деді Анна Павловна. – Et la nouvelle comédie: des peuples de Gênes et de Lucques qui viennent présenter leurs vœux à M. Buonaparte. M. Buonaparte assis sur un trône, et exauçant les vœux des nations! Adorable! Non, mais c’est à en devenir folle! On dirait que le monde entier a perdu la tête².

Қнязь Андрей Анна Павловнаның жүзіне тура қарап, мырс етті.

– “Dieu me la donne, gare à qui la touche,” – басына тәж кигізерде Бонопарттың айтқан сөзі, – деді князь Андрей.

– On dit qu’il a été très beau en prononçant ces paroles деді де, осы сөзді итальян тілінде тағы қайталады. “Dio mi la dona, guai a chi la tocca”³

– J’espère enfin, – деп Анна Павловна әлгі бір ойын жалғастырып әкетті que ça a été la goutte d’eau qui fera déborder le verre. Les souverains ne peuvent plus supporter cet homme qui menace tout.⁴

– Les souverains? Je ne parle pas de la Russie – деді виконт сыпайы ғана әрі түңілген түрмен. Les souverains, madame? Qu’ont ils fait pour Louis XVI, pour la reine, pour madame Elizabeth? Rien. Et croyez-moi, ils subissent la punition pour leur trahison de la cause des Bourbons. Les souverains? Ils envoient des ambassadeurs complimenter l’usurpateur⁵ – деп, қыза сөйледі.

Виконт ызалана бір күрсініп қойып, жөнделіп отырды. Виконтқа манадан бері лорнетпен қарап отырған князь Ипполит әлгі сөздердің тұсында кішкене княгиняға кенет бұрылып, инесін сұрап алды да, сол инемен үстелдің үстіне Конде* гербінің суретін салды. Княгиня бейне соны сұрағандай, әжептәуір сөз етіп, Ипполит оған осы гербтің жайын түсіндірді.

¹ Миланда таққа сайлану.

² Оның тағы да бір жаңа комедиясы бар ғой; Генуя мен Лукканың халқы Бонапартқа тілектерін білдіріпті. Ал Бонапарт мырза тағында отырып, халықтардың арманын орындапты. О! Сұмдық дерсіз! Мұны естігенде диуана боп кетпессің бе? Барлық жұрт есінен танған ба деп ойлайсың.

³ – Тәңірім маған тәж берді. Оған соқтыққан адамның соры қайнайды. Осыны айтқан кезде Бонапарт келісті-ақ еді деседі.

⁴ – Төзім шегі түбінде осы болар деп ойлаймын. Бүкіл әлемге үрей салып отырған бұл адамға осыдан былай патша ағзамдар төзе алмас-ау.

⁵ – Патша ағзамдар дейсіз бе? Россияны айтып тұрғам жоқ. Патша ағзамдар! Бірақ Людовик XVI үшін, королева үшін, Елизавета* үшін не істеп еді? Түк те істемеді. Сондықтан Бурбондарға жасаған опасыздығы үшін олар сазайын тартып отыр, сеніңіз де қойыңыз осыған. Государьлар? Олар тек өздерінің тәжін тартып алған кісіні құттықтап, елшілерін жіберуді ғана біледі.